

Қор нарықтары...

| Қор индекстері | Мәні, теңге | Күндік өзгерістер | Жыл басынан өзг. |
|-----------------------------|-------------|-------------------|------------------|
| АҚШ | | | |
| S&P 500 | 6 711 | ▲ 0,34% | ▲ 14,4% |
| NASDAQ | 22 755 | ▲ 0,42% | ▲ 18,0% |
| DJIA | 46 441 | ▲ 0,09% | ▲ 9,6% |
| CBOE Volatility Index (VIX) | 16 | ▲ 0,06% | ▼ -9,1% |
| Еуропа | | | |
| FTSE 100 | 9 446 | ▲ 1,03% | ▲ 14,4% |
| DAX | 2 039 | ▲ 0,93% | ▲ 19,5% |
| Азия | | | |
| Hang Seng | 26 856 | ▲ 0,00% | ▲ 36,9% |
| Nikkei 225 | 46 441 | ▲ 0,09% | ▲ 16,4% |
| Shanghai SE | 3 883 | ▲ 0,00% | ▲ 19,0% |
| Қазақстан | | | |
| KASE | 7 212 | ▲ 0,88% | ▲ 27,0% |

Өсу және құлдырау көшбасшылары S&P 500



Сәрсенбі күні қор нарықтары сауда-саттықты өсіммен аяқтады: S&P 500 0,34%-ға өсіп, \$6 711,20-ға жетті; Nasdaq Composite 0,42%-ға көтеріліп, \$22 755,16-ға жетті; DJI 0,09%-ға қымбаттап, \$46 441,10 құрады. S&P 500 индексінің 11 секторының 6-ы сауда барысында өсім көрсетті. Өсім көшбасшылары Health Care (+2,0%), Information Technology (+0,9%) және Energy (+0,8%) секторлары болды. Негізгі айтсайдерлер – Communication Services (-1,7%), Materials (-0,9%) және Financials (-0,9%).

| S&P 500 секторларын талдау | Market Cap | Күндік өзгеріс | Айлық өзгеріс | Жылдық өзгеріс |
|----------------------------|--------------------|----------------|---------------|----------------|
| Communication Services | 9 609 970 847 128 | -1,7% | 4,0% | 28,6% |
| Consumer Discretionary | 6 613 276 542 244 | 0,3% | -1,1% | 15,5% |
| Consumer Staples | 3 279 134 581 126 | 0,3% | -2,8% | -9,9% |
| Energy | 1 614 998 093 858 | 0,8% | 4,2% | 4,9% |
| Financials | 8 335 384 797 971 | -0,9% | -0,7% | 21,3% |
| Industrials | 4 733 936 442 293 | -0,3% | 1,7% | 10,7% |
| Information Technology | 20 419 153 240 799 | 0,9% | 9,2% | 34,3% |
| Materials | 1 018 533 412 847 | -0,9% | -2,3% | -9,4% |
| Real Estate | 1 102 765 964 886 | -0,3% | 0,9% | -6,6% |
| Utilities | 1 300 810 358 391 | 0,6% | 4,7% | 10,9% |
| Health Care | 5 397 666 479 392 | 2,0% | 3,0% | 5,7% |

Кеше Уолл-стрит пен әлемдік қор нарықтары АҚШ үкіметінің «шатдаун» жағдайына байланысты туындаған алғашқы жоғалтуларды өтеп, сауда-саттықты өсіммен аяқтады. Нарыққа қолдау көрсеткен фактор – жеке сектордағы әлсіз өңбек нарығы деректері, бұл Федералдық резерв жүйесінің ақша-несие саясатын одан әрі жұмсартатыны туралы күтулерді күшейтеді.

Бұл – 1981 жылдан бергі 15-ші «шатдаун», ол республикашылдар мен демократтар арасындағы қаржыландыру мәселесі бойынша ымыраға келмеуінен туындады. Соның салдарынан шамамен 750 мың мемлекеттік қызметкер ақысыз мәжбүрлі демалысқа жіберілді, ал әскери қызметкерлер мен шекара күзетінің қызметкерлеріне еңбекақысыз жұмысын жалғастыру тапсырылды.

Қосымша теріс фактор ретінде жеке сектордағы жұмыспен қамту деректері шықты: жұмыс орындарының саны 32 мыңға қысқарғаны анықталды, ал нарық керісінше 50 мыңға өсуін күткен болатын. Бұл көрсеткіштер еңбек нарығының әлсіреуіне қатысты алаңдаушылықты арттырды. Әдетте еңбек нарығы бойынша әлсіз статистика ФРЖ тарапынан мөлшерлемелерді төмендету күтілімдерін күшейтеді, қор нарықтарына қолдау көрсетуі мүмкін еді, алайда жағдай үкімет жұмысының тоқтап қалуына байланысты күрделене түсті.

Ең толық әрі дәстүрлі түрде ФРЖ үшін аса маңызды болып саналатын Еңбек министрлігінің қыркүйек айына арналған жұмыспен қамту статистикасы жұма күні жарияланбайды. Бұл реттеушіге экономиканың ағымдағы жағдайын бағалап, мөлшерлемелерді төмендету жөнінде шешім қабылдауды қиындатады.

Осы арада денсаулық сақтау секторында айтарлықтай өсім байқалды. Бұған Pfizer компаниясының АҚШ президенті Дональд Трамп әкімшілігімен келісімге келгені жөніндегі хабарлама түрткі болды: компания Medicaid бағдарламасы аясында кейбір рецептуралық препараттардың бағасын басқа дамыған елдердегі деңгеймен салыстырғанда төмендетуге келісті, ал бұған жауап ретінде кедендік алымдар азайтылды. Трамп өз кезегінде басқа фармацевтикалық компаниялар да осы қадамды қайталайды деп күтетінін айтты.

| KASE акциялары | Мәні, теңге | Күндік өзгеріс | Жылдық өзгеріс |
|------------------|-------------|----------------|----------------|
| Халық Банк | 364 | 3% | 32,9% |
| Банк ЦентрКредит | 5 080 | -1% | 121,6% |
| Kcell | 3 310 | 0% | -2,1% |
| Казатомпром | 29 449 | 4% | 44,0% |
| КазТрансОйл | 858 | -1% | 4,3% |
| КЕГОК | 1 480 | 0% | -2,7% |
| Касpi.kz | 46 732 | -2% | -14,8% |
| КазМунайГаз | 22 193 | 1% | 51,7% |
| Эйр Астана | 822 | 1% | -28,0% |

| Валюта | Мәні, теңге | Күндік өзгеріс | Жылдық өзгеріс |
|---------|-------------|----------------|----------------|
| USD/KZT | 546,73 | -0,34% | 4,2% |
| RUB/KZT | 6,40 | 0,00% | 31,5% |
| CNY/RUB | 11,43 | 0,00% | -18,4% |
| EUR/USD | 1,1729 | -0,03% | 14,3% |

* Өзгеріс базистік пункттермен көрсетілген, 1 б.п. = 0,01%

Дереккөз: Refinitiv Eikon



Дереккөз: Refinitiv Eikon

Біздің Centras Securities Telegram-арнамызға жазылыңыз немесе сілтеме арқылы өтіңіз <https://t.me/centrassecurities>

Біздің сайт: <https://cesec.kz/>

Байланыс



Аналитика департаменті

Байланыс:
+7 (727) 259 88 77 (вн. 722)

Эл.адрес:
analytics@centras.kz

Брокерлік қызмет көрсету

Байланыс:
+7 (727) 259 88 77 (вн. 608)

Эл.адрес:
broker@centras.kz

Сауда операциялары департаменті

Байланыс:
+7 (727) 259 88 77 (вн. 730)

Эл.адрес:
trade@centras.kz

Сату департаменті

Байланыс:
+7 (727) 259 88 77 (вн. 754)

Эл.адрес:
broker@centras.kz

Осы материалды АҚ "Сентрас Секьюритиз" -тің аналитика бөлімі дайындаған. Бұл жарияланған материал тек ақпараттық сипатқа ие және АҚ "Сентрас Секьюритиз" тарапынан қандай да бір қаржы құралдарын сатып алу, сату немесе қандай да бір мәмілеге қатысу туралы ұсыныс болып табылмайды. Бұл құжатта келтірілген ақпарат Bloomberg және KASE сияқты "Сентрас Секьюритиз" -тің сенімді деп санайтын дереккөздерден алынған. Алайда, АҚ "Сентрас Секьюритиз", оның басшылығы мен қызметкерлері мұндай ақпараттың дәлдігіне, толықтығына және шынайылығына толық кепілдік бермейді және оны пайдалануға байланысты туындауы мүмкін клиент шығындары үшін жауапты емес. Бұл құжатта келтірілген бағалаулар мен пікірлер Компания аналитиктерінің жеке қорытындыларына негізделген. Аналитиктердің сыйақысы олардың дайындаған аналитикалық шолуларының мазмұнына немесе берген ұсыныстарының сипатына байланысты емес. Бұл ақпарат көпшілікке таратуға арналмаған және АҚ "Сентрас Секьюритиз" -тің алдын ала жазабаша рұқсатынсыз толықтай немесе ішінара көшіруге, таратуға немесе жариялауға болмайды.

Сентрас Секьюритиз, 2025 ж.